

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

---

FinePower  
OneBase CMSBR8  
аккумулятормен істейтін  
шынжырлы шағын арасы

FinePower



# Мазмұны

Құрылғының қолданылу мақсаты .....	4
Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі кеңестер..	7
Құрылғының схемасы .....	9
Жинақталым.....	9
Техникалық сипаттамалар .....	10
Аккумулятор мен зарядтау құрылғысын пайдалану .....	10
• Аккумулятор батареясын орнату және алу.....	11
• Аккумуляторды зарядтау.....	11
• Аккумуляторлардың заряд күйі .....	12
• Аккумуляторды/құрылғыны қорғау жүйесі .....	12
Пайдалануға дайындау және құрастыру .....	13
• Бағыттағыш шинаның қабын алу және орнату.....	13
• Ара шынжырын алу .....	13
• Ара шынжырын орнату .....	15
• Шынжырдың керілуін реттеу .....	16
• Ара шынжырын майлау .....	18
• Шынжыр тоқтатқышын тексеру.....	18
Құрылғымен жұмыс істеу .....	19
Қызмет көрсету және күтім жасау .....	20
• Құралды тасымалдау.....	20
• Ара шынжырын қайрау .....	20
• Бағыттағыш шинаны тазалау .....	21
• Жұлдызша қақпағын тазалау .....	21
• Жұлдызшаны ауыстыру .....	21
• Сақтау.....	22
• Мезгілді қызмет көрсету бойынша нұсқаулар.....	22
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі .....	23
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....	24
Қосымша ақпарат.....	25

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін рақмет.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының қолданылу мақсаты

Электр шынжырлы ара — сүректі кесуге арналған, кескіш элемент ретінде шынжыр қолданылатын, электр қозғалтқышпен жұмыс істейтін тасымалы электр-механикалық ара.

## Сақтық шаралары

### Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған және таза болуы керек. Ретсіздік немесе жұмыс орнының жарықтандырылмауы жұмыс кезінде жазатайым жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Бұл электр құралмен жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар немесе шаң-тозаңы бар ғимаратта жұмыс істемеңіз. Пайдалану кезінде, сондай-ақ қосқан және өшірген кезде құралдан ұшқын шашырайды, ол шаңды немесе бұды тұтандырып жіберуі мүмкін.
- Электр құралмен жұмыс істеу кезінде жұмыс орнына балаларды немесе бөгде адамдарды жақындатпаңыз. Сіз электр құралды басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

### Электр қауіпсіздігі

- Электр тогы соғуынан сақтанудың қажетті шараларын ұстаныңыз. Электр құралы корпусының құбырлар, жылыту жүйесі, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен жанасуына жол бермеңіз.
- Электр құралын ылғал, жаңбыр және дымқылдық әсерінен сақтаңыз. Электр құралының ішіне судың кіріп кетуі электр тогының соғу қаупін арттырады.

### Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, іс-әрекетіңізді қадағалаңыз және электр құралымен жұмысты жақсылап ойластырып бастаңыз. Шаршаған күйде немесе дәрі-дәрмектің әсерінен айықпаған, ішімдікке немесе есірткіге мастанған күйде болсаңыз, электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс

атқарған кездегі қас қағым сәттік зейінсіздік ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін.

- Электр құралмен атқарылатын жұмыс түріне қарай жеке қорғаныс құралдарын (қорғаныш маскасы, табаны тайғанамайтын аяқ киім, қорғаныш шлемі немесе есту мүшелерін қорғау құралдары) қолдану жарақат алу қаупін азайтады.
- Электр құралдың аңдаусызда қосылып кетуінің алдын алыңыз. Электр құралды электр қуат көзіне және/немесе аккумуляторға қоспай тұрып, құрылғының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Қосылатын электр құралын ауыстырып-қосқыштан ұстамаңыз.
- Электр құралын қосқанға дейін орнату электр құралын немесе сомын кілттерін алып тастаңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде қалған электр құралы немесе кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Электр құралымен жұмыс істегенде әр уақытта тұрақты қалыпта тұрып, тепе-теңдікті сақтаңыз. Соның арқасында күтпеген жағдайларда құралды жақсырақ бақылай аласыз.
- Лайықты жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз, әшекейлер тақпаңыз. Шашты, киім мен қолғапты айналмалы бөліктерден аулақ ұстаңыз.
- Шаң сорғыш және шаң жинағыш қондырғыларды орнату мүмкіндігі болса, олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаңсорғышты қолдану шаңнан болатын қатерді азайтуы мүмкін.
- Электр қуат көзі жоғалғанда немесе электр құралы басқаша кездейсоқ сөнген жағдайда, ажыратқышты пернесін дереу «ӨШІРУ» күйіне келтіріңіз. Егер кернеу жоғалған кезде машина қосулы күйінде қалса, онда қуат беру қалпына келтірілгенде ол өздігінен жұмыс істеп кетеді, бұл пайдаланушының денсаулығына залал келтіруі және/немесе материалдық шығынға ұшыратуы мүмкін.

## **Электр құралдарын дұрыс пайдалану**

- Электр құралға артық күш түсірмеңіз. Орындалатын жұмысқа арналған электр құралдарын ғана қолданыңыз. Сипаттамасы бойынша сәйкес келетін электр құралымен көрсетілген қуат ауқымында жақсы әрі сенімдірек жұмыс атқарасыз.
- Ажыратқышы бұзылған электр құралымен жұмыс істемеңіз. Қосу немесе өшіру мүмкін болмайтын электр құралы аса қауіпті және ол жөнделуі тиіс.
- Электр құралын жөндеуді бастамас бұрын, саймандарын ауыстыру мен жұмысты тоқтату алдында штепсельдің ашасын желі розеткасынан ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарып алыңыз. Бұл электр құралының абайсызда қосылып кетуінің алдын алады.
- Электр құралдарды, саймандарын, жұмыс құралдарын және т.с.с. осы нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Бұл ретте жұмыс шарттары мен орындалатын жұмысты ескеріңіз. Электр құралдарын көзделмеген жұмыстар үшін пайдалану қауіпті жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Құрылғы балалар мен дене мүшесі, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған.

- Пайдаланылмайтын құрал құрғақ, жабық, балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс! Осы нұсқаулықты оқымаған тұлғаларға электр құралын пайдалануға рұқсат бермеңіз.

### **Шынжырлы арамен жұмыс істегендегі сақтық шаралары**

- Жарақат алмау үшін жұмыс кезінде электр құралының қозғалатын бөліктеріне тиіспеңіз.
- Күйіп қалмау үшін, пайдаланғаннан кейін электр құралының қозғалатын бөліктеріне тиіспеңіз — электр құралының суығанын күтіңіз.
- Электр құралмен жұмыс істеген кезде әрдайым қорғаныс көзілдірігін киіңіз. Шаң шығаратын материалдармен жұмыс істегенде тыныс алу мүшелерін қорғайтын құралды (респиратор) киіңіз.
- Шынжырлы араны ағашқа қолданбаңыз. Шынжырлы араны ағашқа пайдалану жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Майысқан бұтақтарды кесу кезінде бұтақ күрт түзетілмеуі үшін сақ болыңыз. Ағаш талшықтарындағы кернеу азайғанда, серіппелі бұтақ операторды соғуы және/немесе шынжырлы араны бақылаудан шығаруы мүмкін.
- Бұталар мен жас ағаштарды кесу кезінде өте сақ болыңыз. Жұқа материал ара шынжырына ілініп, сізге қарай ұшып кетуі немесе сізді тепе-теңдіктен айыруы мүмкін.
- Құрылғыны тек сүректі кесу үшін пайдаланыңыз. Шынжырлы араны пластмасса, қаланған кірпіш немесе ағаш емес құрылыс материалдары сияқты оның қолданылу мақсатынан тыс заттарға пайдаланбаңыз. Шынжырлы араны қолданылу мақсатынан тыс пайдалану электр құралының істен шығуына және оператордың жарақаттануына әкелуі мүмкін.

### **Кері соққы себептері мен оның алдын алу тәсілдері**

Кері соққы – қысылған немесе ығысқан бағыттағыш шинаға кенеттен реакция, бұл құрылғының бақылаусыз көтеріліп, операторға қарай жылжуына әкеледі. Егер штанга қиылған жерде бүгілсе немесе ығысса, шинаның артқы жағындағы тістер дайындаманың үстіңгі бетіне ілінуі мүмкін, бұл штанганың кесілген жерінен шығып кетіп, операторға қарай жылжуын тудыруы мүмкін. Араға орнатылған қауіпсіздік құрылғыларына ғана сенбеңіз. Шынжырлы араны пайдаланушы ретінде жұмысты орындау кезінде жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға жол бермеу үшін бірнеше қадамдарды орындау қажет. Кері соққы құралды дұрыс пайдаланбаудың және/немесе қате жұмыс процедураларының немесе жағдайлардың нәтижесі және төмендегі тиісті сақтық шараларын қолдану арқылы олардың алдын алуға болады:

- Араны екі қолыңызбен мықтап ұстап, қолдарыңызды кері соққыларға төтеп бере алатындай етіп қойыңыз.
- Құралды оңай қол жетімді жерде пайдаланыңыз және иық деңгейінен жоғары кеспеңіз. Бұл ара ұшының материалға байқаусызда тиіп кетуіне жол бермеуге көмектеседі және күтпеген жағдайларда құрылғыны жақсырақ басқаруға мүмкіндік береді.

- Өндіруші көрсеткен ауыстыру бөлшектерін ғана пайдаланыңыз. Құрал бөлшектерін дұрыс ауыстырмау шынжырдың үзілуіне және/немесе кері айналуына әкелуі мүмкін. Осы нұсқаулықтағы ара шынжырын қайрау және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауларды орындаңыз. Шектегіш биіктігінің көрсеткішін азайту кері соққының артуына әкелуі мүмкін.
- Ара кері соғу қаупін айтарлықтай жоя алатын арнайы қорғағыш қалқанмен жабдықталған. Жарақат алмау үшін қорғағыш қалқанды еш уақытта алып тастамаңыз.

### **Бұйымның қызмет ету мерзімі**

Бұйымның қызмет ету мерзімі 2 жылды құрайды.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулық талаптарын сақтаған жағдайда жарамды.

### **Критикалық бұзылулар тізімі**

- Қатты ұшқындағанда пайдалануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болғанда пайдалануға болмайды.
- Корпусынан тікелей түтін шықса, оны пайдаланбаңыз.

### **Персоналдың ықтимал қате әрекеттері**

- Тұтқасы немесе оның қорғаныш қабы зақымдалған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Жаңбыр жауған кезде құрылғыны ашық ауада пайдаланбаңыз.
- Корпусына су кіргенде құрылғыны қоспаңыз.

### **Шекті күйлер критерийлері**

Бұйым корпусы зақымдалған.

## **Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі кеңестер**

### **АКБ-ның табиғи тозуы**

Құрылғыны ұзақ сақтау және пайдалану кезінде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряд пен сыйымдылықты жоғалту қасиетіне ие. Құрылғыны пайдалану кезеңінде 300 зарядтау-разрядтау циклінен кейін (шамамен құрылғыны бір жыл пайдаланғанда) АКБ сыйымдылығы номиналды мәннен 60%-ға дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады.

АКБ сыйымдылығы 400 зарядтау-разрядтау циклінен кейін номиналды сыйымдылықтан 80%-ға дейін төмендеуі мүмкін.

Белгіленген шекте және уақыт кезеңінде сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл ақаулық болып есептелмейтін АКБ-ның табиғи тозуы.

АКБ құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да қуатын жоғалтады. Өздігінен разрядталу айына шамамен 5% құрайды. АКБ құрылымы бойынша ұзақ пайдалануға жарамайды және пайдаланылу-пайдаланылмауына қарамастан, үнемі жұмысы төмендейді. Температура неғұрлым жоғары болса және қуат мөлшері 40%-ға тең болуы қажет «оңтайлы» (сақталуы тұрғысынан) шамадан

неғұрлым алшақтаса, бұл төмендеу соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, АКБ пайдаланылмаса, онда оның қуатын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумулятор батареясының зарядталу-разрядталу қабілеті оған кіріктірілген контроллер арқылы басқарылады. Зарядтау мен разрядтау токтары шектеулі болғандықтан, сыртқы зарядтау құрылғыларында түпнұсқа жиынтыққа кірмейтін «жылдам зарядтаудың» мәжбүрлі режимдерін қолдануға мүлдем болмайды.

АКБ-да «жады әсері» деп аталатын мүмкіндік жоқ. АКБ-ны разрядтау/зарядтау процесін кез келген деңгейден бастауға болады. Көптеген құрылғыларда зарядтау-разрядтау дәрежесі бойынша шектеу қойылған — мысалы, заряд 90%-дан асса, контроллер АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ-ның толығымен разрядталуына мүмкіндік бермей, элементтерінің істен шығуына кедергі болады («терең зарядтау» әсерінен). АКБ заряды таусылған күйде 2 апта немесе одан ұзақ тұрса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүріп, соның салдарынан АКБ істен шығады. Егер құрылғы АКБ заряды таусылған және ол біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғының жұмысын қалпына келтірмес бұрын оны зарядтау құрылғысына 1-2 сағаттай қосып қою керек.

### **Температура режимін сақтаңыз**

АКБ-ны зарядталған күйде +15 °С-тан + 35 °С-қа дейінгі температурада сақтау керек. АКБ қоршаған ортаның өте жоғары (+50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) температурасында ұзақ уақыт пайдалануға жарамайды. Оны электр жылытқыштар сияқты жылу көздеріне жақын жерде қалдырмаңыз.

### **Зақымдалу белгілері бар АКБ-ны бөлшектеуге, жағуға және қолдануға болмайды**

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетіңізше бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы керек.


Элементтерді тесу немесе жаншу арты өрт пен жарылысқа апаратын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусының бітеулігі бұзылған жағдайда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, соның салдарынан сутегі бөліне жүретін реакция орын алып, өрт шығуы ықтимал. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды шығарады.

АКБ қалыпты режимде жұмыс істемейтін болса, қандай да бір себеппен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.), дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** іс жүзіндегі жұмыс істеу уақыты көрсетілген уақытпен сәйкес болмауы мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің саны шектеулі және белгілі бір уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ жұмыс уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты болады.



## Құрылғының схемасы



1. Бағыттағыш шина.
2. Шынжыр.
3. Қорғағыш қалқан.
4. Иінтірек.
5. Негіз.
6. Жетекші жұлдызшаның қақпағы.
7. Алдыңғы тұтқа.
8. Құлыптау иінтірегі.
9. Қосу/өшіру түймесі.
10. Корпус тұтқасы.
11. Батареяны құлыптау түймесі.
12. Аккумулятор батареясы (жиынтыққа кірмейді).
13. Бағыттағыш шина қабы.
14. Шынжыр бастиек бұрандасы.
15. Желдеткіш тесіктер.

## Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Техникалық сипаттамалар

Үлгісі	CMSBR8
Аккумулятор түрі	Li-ion (жиынтыққа кірмейді)
Аккумулятордағы кернеу	20 В
Қозғалтқыш түрі	щеткалы
Бос жүрістегі айналу жиілігі	0-5400 айн/мин
Шынжыр жылдамдығы	8 м/с
Шина ұзындығы	10 см
Шынжыр ұзындығы	10 см
Шина ойығы	1,1мм
Шынжыр аралығы	1/4''
Қорғаныс деңгейі	IP13
Дыбыс қысымының деңгейі $L_{pA}$ (K=3)	90,4 дБ(A)
Дыбыс қуатының деңгейі $L_{wA}$ (K=3)	99,4 дБ(A)
Жұмыс режиміндегі діріл деңгейі (K=1,5)	6,4 м/с <sup>2</sup>
Аккумуляторсыз салмағы	1,38 кг

## Аккумулятор мен зарядтау құрылғысын пайдалану

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Құралды баптау немесе функцияларын тексеру алдында оның өшірілгенін және батареяның алынғанын тексеріңіз.
- Тек осы электр құралымен үйлесімді керек-жарақтарды пайдаланыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** бұл электр құралы жиынтығына аккумулятор мен зарядтау құрылғысы кірмейді. Кестеде осы электр құралымен үйлесімді аккумулятор мен зарядтау құрылғыларының үлгілері берілген.


<b>Li-ion аккумулятор</b>	Finepower OneBase B20 / Finepower OneBase B40 / Finepower OneBase B60 / Finepower OneBase S40 / Finepower OneBase S80
<b>Зарядтау құрылғысы</b>	Finepower OneBase C124 / Finepower OneBase C135 / Finepower OneBase C230 / Finepower OneBase C180S

## Аккумулятор батареясын орнату және алу

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Аккумулятор батареясын орнату немесе алу алдында әр уақытта құралды өшіріңіз.
- Батареяны салғанда немесе шығарып алған кезде құрал мен батареяны мықтап ұстаңыз. Құрал мен оның жабдығына зақым келтірмеу үшін құралды немесе батареяны түсіріп алмаңыз.
- Батареяны әр уақытта тірелгенше салыңыз. Бос орнатылған батарея жұмыс кезінде құралдан ажырап, құралға немесе пайдаланушыға зақым келтіруі мүмкін.
- Батареяны орнатқанда шамадан тыс күш қолданбаңыз. Батарея оңай салынбаса, орнату дұрыс емес.

1. Аккумулятор батареясын құралдан ажырату үшін аккумулятордағы бекіту түймесін (1) басып, аккумуляторды электр құралынан (2) абайлап алыңыз.
2. Аккумуляторды қайта орнату үшін, батарея картриджіндегі тілшені қораптағы ұяшықпен туралап, орнына сырғытыңыз. Оны толығымен салыңыз, батарея орнына бекітілген кезде сырт еткен дыбыс естіледі.



## Аккумуляторды зарядтау

- Аккумуляторды электр құралынан ажыратыңыз.
- Зарядтау құрылғысын электр желісіне қосыңыз. Индикатор жасыл түспен жанады.
- Батареяны зарядтау құрылғысына салып, қосылымның дұрыстығына көз жеткізіңіз.
- Зарядтау жүріп жатқанын көрсету үшін индикатор қызыл болып жанады.
- Зарядтау аяқталған кезде индикатор жасыл болып жанады. Зарядтау құрылғысын электр желісінен ажыратып, аккумуляторды шығарыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** зарядтау құрылғысын электр желісінен ажыратқанда, кәбілден тартпаңыз.

Аккумулятор	Аккумулятормен жұмыс істеудің номиналды* уақыты, мин
B20 2.0 А·сағ	≥14
B40 4.0 А·сағ	≥27
B60 6.0 А·сағ	≥41
S40 4.0 А·сағ	≥27
S80 8.0 А·сағ	≥54

\* Төмен жүктеме режимінде батарея толығымен зарядталған кезде құрылғының шамамен жұмыс уақыты.

## Аккумуляторлардың заряд күйі

Аккумулятор блоктарының қалған зарядын көрсету үшін заряд деңгейінің индикаторы түймесін басыңыз.



Заряд деңгейінің индикаторы	Қалған заряд (%)
 Жасыл Қызғылт сары Қызыл	75 - 100 %
 Қызғылт сары Қызыл	25 - 50 %
 Қызыл	10 - 25 %

**ЕСКЕРТПЕ:** пайдалану шарттары мен қоршаған орта температурасына байланысты батарея зарядының көрсеткіші нақты қуаттан сәл өзгеше болуы мүмкін.

## Аккумуляторды/құрылғыны қорғау жүйесі

Құрал қызмет ету мерзімін қысқартуға жол бермеу үшін құрылғыны автоматты түрде өшіретін аккумуляторды/құралды қорғау жүйесімен жабдықталған. Құрал мен аккумулятор келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- **Құралдың шамадан тыс жүктелуі**

Аккумулятор шамадан тыс жоғары ток тартса, құрал автоматты түрде тоқтайды. Бұл жағдайда құралды өшіріп, құралдың шамадан тыс жүктелуіне себеп болған әрекетті тоқтатыңыз. Содан кейін құралды қайтадан қосыңыз.

- **Құралдың қызып кетуі**

Құрал немесе аккумулятор қызып кетсе, құрал автоматты түрде тоқтайды. Бұл жағдайда құралды қайта қоспас бұрын құралды/аккумуляторды суытып алыңыз.

- **Аккумулятор заряды таусылған**

Егер жұмыс кезінде батарея қуаты минимумға дейін төмендесе, аспаптың көмескі жарығы өшеді – бұл қорғаныс жүйесінің іске қосылуы және ақау емес. Батареяны шығарып, оны зарядтаңыз.

## Пайдалануға дайындау және құрастыру


### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Құралмен кез келген жұмысты орындамас бұрын, әрқашан құралдың өшірілгеніне және батареяның шығарылғанына көз жеткізіңіз.
- Ара шынжырын жалаңаш қолмен ұстамаңыз. Әсіресе бірден құралды қолданғаннан кейін, себебі шынжырлар мен бағыттағыш шина қатты қызады. Құралдың суығанын күтіңіз және шынжырмен жұмыс істегенде әрқашан қолғап киіңіз.

### Бағыттағыш шинаның қабын алу және орнату

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** шина қабын орнату немесе алу кезінде абай болыңыз және ара шынжырын ұстамаңыз.

Қапты (1) шинаға орнату үшін қорғағыш қалқанды (2) көтеріп, аздап қысыммен қапты шинаға тоқтағанша кигізіңіз және қорғағыш қалқанды түсіріңіз. Шинаның қабын алу үшін орнату қадамдарын кері тәртіпте орындаңыз.




### Ара шынжырын алу


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** ара тізбегі мен шина жұмысты аяқтаған бетте ыстық күйде қалады. Құралмен кез келген жұмысты орындамас бұрын суығанын күтіңіз.

Шынжырды алып тастау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:


1. Иіктіректі (1) шетінен басып тұрып, жоғары қарай тартыңыз.



2. Жұлдызша қақпағы (2) алынғанша иіктіректі сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.




3. Жұлдызшаның қақпағын (4) алыңыз, содан кейін ара шынжырын (2) және бағыттағыш шинаны (3) құрал корпусынан (1) алыңыз.




## Ара шынжырын орнату

Шынжырды орнату үшін төмендегі нұсқауларды да орындаңыз:


1. Шынжыр бағыты дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Шынжырдағы (1) көрсеткі шынжырдың қозғалу бағытын көрсетеді.





2. Ара шынжырының бір ұшын бағыттағыш шинаның жоғарғы жағына, ал екінші ұшын жұлдызшаға (2) орнатыңыз.
3. Бағыттағыш шинаны шынжырлы араға орнатыңыз.



4. Жұлдызша қақпағын төменде көрсетілгендей қақпақтағы шығыңқы жерлерін (1, 3) корпусындағы сәйкес саңылаулармен (2, 4) туралай отырып, оны орнына итеріп, шынжырлы араға орнатыңыз.



5. Иінтіректі сағат тілі бағытымен жұлдызша қақпағы мықтап бекітілгенше бұраңыз, содан кейін иінтіректі бастапқы орнына қайтарыңыз.




## Шынжырдың керілуін реттеу

### ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Ара шынжырын орнату немесе алу процедурасын жоңқалар және т.б. жоқ таза жерде орындаңыз.
- Ара шынжырын шамадан тыс тартпаңыз. Ара шынжырының шамадан тыс керілуі шынжырдың үзілуіне, бағыттағыш шинаның тозуына және керу тұтқасының сынуына әкелуі мүмкін.
- Тым бос шынжыр шинадан шығып кетіп, жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін.



Ара шынжыры көп сағаттық пайдаланудан кейін босап қалуы мүмкін. Қолданар алдында мезгіл-мезгіл шынжыр керілісін тексеріңіз.

1. Иінтіректі шетінен басып тұрып, жоғары қарай тартыңыз. Жұлдызшаның қақпағын аздап босату үшін оны сағат тіліне қарсы бағытта сәл бұраңыз.






2. Шынжырды керу бұрандасын (1) сағат тілі бағытымен бұрап, шынжыр керілісін тексеріңіз; қолайлы керіліске дейін сағат тілі бағытымен айналдыруды жалғастырыңыз. Ара шынжырының қолайлы керілуін тексеру үшін ара шынжырын шамамен 1 кг күшпен тартыңыз, егер ара шынжыры мен бағыттағыш шина арасындағы қашықтық төменде көрсетілгендей 3-4 мм болса, онда керілу сәйкес келеді. Тізбектің керілуін босату үшін керу бұрандасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.



3. Иіктіректі сағат тілі бағытымен жұлдызша қақпағы бекітілгенше бұраңыз.
4. Иіктіректі бастапқы орнына қайтарыңыз.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** ара шынжырының мықтап бекітілгеніне және түбінде былқылдап тұрмағанына көз жеткізіңіз.

## Ара шынжырын майлау

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** тек биологиялық ыдырайтын шынжыр майларын қолданыңыз. Мотор майын, пайдаланылған майды немесе басқа минералды майларды қолданбаңыз.

Әр қолданар алдында ара шынжырын майлау ұсынылады. Ара шынжырына май жағу үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ара шынжырын шешіп алыңыз.
2. Ара шынжырын және жұлдызшаны май құтысымен (1) майлаңыз.
3. Ара шынжырын құралға орнатыңыз.




### ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Жағармайды тым көп немесе тым аз қолданбаңыз.
- Жұмыс кезінде ара сықырлаған дыбыс шығарса, шынжырды майлау керек.

## Шынжыр тоқтатқышын тексеру

Құралды іске қосыңыз, содан кейін қосу/өшіру түймесін толығымен босатыңыз. Ара шынжыры бір секунд ішінде тоқтауы керек.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Іске қосу кезінде шынжырлы араны екі қолыңызбен ұстаңыз. Шина мен шынжыр ешбір заттармен жанаспауы керек.
- Егер шынжыр осы сынақты орындағаннан кейін бірден тоқтамаса, араны ешбір жағдайда пайдалануға болмайды. Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

# Құралмен жұмыс істеу

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:


- Жарақат алмау үшін құрылғыны пайдалану кезінде ешқашан қорғағыш қалқанды алып тастамаңыз.
- Қорғағыш қалқанның үстіне немесе астына ешқашан еңкеймеңіз. Жарақат алу қаупі жоғары.
- Ара шынжыры дайындамаға тиіп тұрса, дайындаманың ішінде болса немесе затқа соғуы мүмкін болса, кеспеңіз. Бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Дайындамаларды кесу алдында оларды бекітіңіз. Бөтен заттарды (шегелер, бұраншегелер және т.б.) алып тастаңыз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде дененің барлық бөліктерін ара шынжырынан алыс ұстаңыз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде шынжырлы араны екі қолыңызбен мықтап ұстаңыз.
- Әрқашан тұрған қалыпта, тепе-теңдікті сақтаңыз.
- Тартылған бұтақтарды кесу кезінде сақ болыңыз және құралды бақылауда ұстаңыз, өйткені бұтақ кері серпіп кетуі мүмкін.
- Бұталар мен жас ағаштарды кесу кезінде өте сақ болыңыз. Жұқа материал ара шынжырына ілініп, сізге қарай ұшып кетуі немесе сізді тепе-теңдіктен айыруы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Құралды ешқашан лақтырмаңыз немесе түсіріп алмаңыз.
- Құралдың желдеткіш саңылауларын жаппаңыз.

Құралды қосар алдында құрал корпусының негізін (1) өңделетін бөлшек бетіне перпендикуляр етіп қойыңыз. Бұны орындамау жұмыс істеп тұрған кезде құралды басқарудан айырылуға әкелуі мүмкін. Араны бірқалыпты төмен бағыттай отырып, өңделетін бөлшекті аралаңыз. Құралмен жұмыс істеу кезінде шамадан тыс күш қолданбаңыз

Дайындаманы бір қозғалыспен толығымен кесу мүмкін болмаса, тұтқаны (2) аздап басып, құралды сәл артқа итеріп аралауды жалғастырыңыз. Кесуді аяқтаңыз.




# Қызмет көрсету және күтім жасау

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Жарақат алмау үшін құралмен кез келген жұмысты орындамас бұрын, әрқашан құралдың өшірілгеніне және батареяның шығарылғанына көз жеткізіңіз.
- Құралды тексергенде немесе қызмет көрсеткенде, оны әрқашан төмендетіңіз. Құралды тігінен құрастыру немесе реттеу ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құралды тексергенде және қызмет көрсеткенде әрқашан қолғап киіңіз.
- Құралдың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін жөндеуді, кез келген басқа техникалық қызмет көрсетуді немесе реттеуді өкілетті сервистік орталық орындауы керек.
- Әрбір жұмыстың соңында құралдың корпусы мен желдеткіш саңылауларындағы шаң-тозаңды жұмсақ шүберекпен немесе сулықпен тазалауға кеңес беріледі. Орнығып қалған ластануды сабынды суға дымқылданған жұмсақ шүберекпен кетіруге кеңес беріледі. Ластануды жою үшін бензин, спирт және т.с.с. еріткіштерді пайдалануға болмайды. Еріткіштерді қолдану құралдың корпусына зақым келтіруі мүмкін.

## Құралды тасымалдау

Құралды тасымалдау алдында әрқашан батареяны ажыратып, бағыттағыш шинаға (1) қапты кигізіңіз.



## Ара шынжырын қайрау

Ара шынжырын келесі жағдайларда қайрау қажет:


- Жоңқалардың өте ұсақ болуы.
- Жұмыс істегенде қосымша күш салу керек.
- Тігінен кесу мүмкін емес.
- Құралдың дірілі күшейеді.

Шынжырды қайрау үшін арнайы егегішті пайдаланыңыз. Шынжырды 30° бұрышпен қайрағаныңызға көз жеткізіңіз.

Қайрау арқылы жөндеуге болмайтын елеулі зақымдар болса, ара шынжырын ауыстырыңыз.

## Бағыттағыш шинаны тазалау

Бағыттағыш шина ойықтары жұмыс кезінде жоңқалармен және ағаш шаңымен бітеліп қалады, бұл шынжырдың майлануын нашарлатады және оның сыналануына әкелуі мүмкін. Ара шынжырын қайраған немесе ауыстырған сайын бағыттағыш шина ойықтарын тазалаңыз.




## Жұлдызша қақпағын тазалау

Жұлдызша қақпағын алып, жинақталған ағаш шаңы мен жоңқалардан щеткамен тазалаңыз.




## Жұлдызшаны ауыстыру

Тозған жұлдызша (1) жаңа ара шынжырын зақымдауы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін, жұлдызша зақымдалған болса, жаңа шынжырды орнатқанда жұлдызшаны ауыстырыңыз.



Жұлдызшаны ауыстырған кезде тоқтатқыш сақинасын да ауыстырыңыз.



## Сақтау

1. Сақтау алдында құралды тазалаңыз.
2. Құралды бөлшектеңіз.
3. Құралды тазалағаннан кейін ара шынжырын және бағыттағыш шинаны майлау үшін оны жүктемесіз іске қосыңыз.
4. Шинаға қабын кигізіңіз.
5. Құралды балалардың қолы жетпейтін және ылғал немесе жаңбыр әсеріне ұшырамайтын жерде сақтаңыз.

## Мезгілді қызмет көрсету бойынша нұсқаулар

Ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету, зақымданудың алдын алу және қауіпсіздік функцияларының жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі техникалық қызмет көрсету жүйелі түрде жүргізілуі керек. Кепілдік талаптары осы жұмыс жүйелі және тиісті түрде орындалған жағдайда ғана танылуы мүмкін. Белгіленген техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындамау жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Электр құралын пайдаланушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталмаған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындамауы керек. Мұндай жұмыстардың барлығын өкілетті сервистік орталық орындауы тиіс.

Элементті/жұмыс уақытын тексеру		Пайдаланар алдында	Күн сайын	Апта сайын	Әр 3 ай сайын	Жыл сайын	Сақтау алдында
Электр құралы	Тексеріп шығу	√	-	-	-	-	-
	Тазалау	-	√	-	-	-	-
	Сервистік орталықтың тексеруі	-	-	-	-	√	√
Ара шынжыры	Тексеріп шығу	√	-	-	-	-	-
	Қайрау (қажет болса)	-	-	-	-	-	√

Шина	Тексеріп шығу	√	√	-	-	-	-
	Құралдан шешіп алу	-	-	-	-	-	√
Тоқтатқыш	Функционалдылығын тексеру	√	√	-	-	-	-
	Сервистік орталықтың тексеруі	-	-	-	-	-	√
Қосу/өшіру иінтірегі	Тексеріп шығу	√	-	-	-	-	-
Құлыптау иінтірегі	Тексеріп шығу	√	-	-	-	-	-
Болттар мен бекіткіштер	Тексеріп шығу	-	-	√	-	-	-

## Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблеманың сипаттамасы	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Электр құралы жұмыс істемей тұр.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қуат элементі орнатылмаған.</li> <li>2. Қуат элементінің заряды таусылған.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қуат элементін орнатыңыз.</li> <li>2. Қуат элементін қайта зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз.</li> </ol>
Электр құралы іске қосылғаннан кейін қысқа уақытта жұмысын тоқтатады.	Қуат элементінің заряды таусылған.	Қуат элементін қайта зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз.
Электр құралының қозғалтқышы баяу жұмыс істейді / айналу жылдамдығын жоғалтады.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қуат элементі дұрыс орнатылмаған.</li> <li>2. Қуат элементінің заряды таусылған.</li> <li>3. Құрал қозғалтқышы дұрыс жұмыс істемейді.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қуат элементін нұсқауларға сәйкес орнатыңыз.</li> <li>2. Қуат элементін зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз.</li> <li>3. Сервистік орталыққа хабарласыңыз.</li> </ol>
Құралдың қатты дірілдеуі. <b>Назар аударыңыз:</b> құралды пайдалануды дереу тоқтатыңыз!	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бағыттағыш шина немесе шынжыр мықтап бекітілмеген.</li> <li>2. Құрал қозғалтқышы дұрыс жұмыс істемейді.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бағыттағыш шина мен шынжырды реттеңіз.</li> <li>2. Сервистік орталыққа хабарласыңыз.</li> </ol>

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.  
Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қаласы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.3

## **Өндіруші төмендегідей жағдайларда кепілдік бойынша міндеттемелерді өз мойнына алмайды:**

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ тікелей қолданылу мақсатынан басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамауы салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде пайда болған кетік, шытынаған жерлер, деформация, соққы іздері, майысқан жерлер, ойылған жерлер және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізу іздерінің болуы. Ақау бұйымның конструкциясын немесе сұлбасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйымдағы ақау алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кәбіл, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, оның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (ерекше) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің үйлеспейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымға қосылып жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет (оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса) тауар жиынтығына кіретін мына керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар мен олардың жалғағыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және мұнымен шектелмейді), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған шнурлар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйыммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



[www.finepower.ru](http://www.finepower.ru)